

PLITONIT

КӘСІПҚОЙ БОЛУ ОҢАЙ



PLITOSIL Premium – ылғалды үй-жайларға арналған икемділігі жоғары, қышқылмен қататын санитарлық қымтақ



Ылғалдылығы жоғары үй-жайларда мысалы, ванна бөлмелері, душ санитарлық тораптары, кір жуатын бөлмелер және т.б. үшін фунгицидтік қоспалары бар бір компонентті 100% силиконды қышқылдық қатаятын икемділігі жоғары санитарлық қымтақ. Механикалық және/немесе жылу деформациясына ұшырайтын құрылымдардағы бұрыштық және өтемдеуші жіктерді қымтау үшін. 230% дейін деформацияға төтеп бере алатын және ылғалдың енуіне жол бермейтін берік және сонымен бірге икемділігі жоғары жікті түзеді. Жоғары температурлық әсерлерге ұшырайтын негіздерде қолдануға болады (жылы едендер). Оны қажағыш әсерге ұшырамайтын беттердегі тақташааралық жіктердің ысқыламасы ретінде пайдалануға болады. Ол тұрғын үйлер және қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарды, соның ішінде білім беру мекемелерін, балалар, мектепке дейінгі, мектеп және емдеу мекемелерін (соның ішінде емдеу-профилактикалық және санаториялық-курортты) салу мен жөндеуде қолданылады.

Қаптама — картридж 310 мл

- Икемділігі жоғары – ыдыраусыз болатын 230%-ға дейінгі деформация
- зең мен саңырауқұлақтың түзілуіне төзімді
- тығыз жік – мінсіз нәтиже, ластануға жоғары төзімділік
- негізге қатысты күшейтілген адгезия

Материалды тұтыну шығысы

диаметрі 5 мм болатын 12 қ.м.310 мл

Жұмысты жүргізу шарттары

Жұмыстарды орындау кезінде және келесі 3 тәулікте ауаның, негіздің және тақтаның температурасы +5 ° С-тан + 30 ° С-қа дейін болуы керек. Егер материал мұздатуға ұшыраған болса, оны бөлме температурасында +10 ° С-тан + 25 ° С-қа дейін 24 сағат бойы ұстағаннан кейін қолдануға рұқсат етіледі. Ерте еріту мақсатында қыздыруға жол берілмейді.

Негізді дайындау

Қымтақ жағылатын негіз кір мен шаңнан тазартылуы керек, қабыршақтанған фрагменттерді алып тастаңыз, майсыздандырыңыз және құрғатыңыз.

Жұмыс тәртібі

Картридждің ұшын кесіп, саптаманы бұраңыз. Саптаманың ұшын 45° бұрышпен жоспарланған жік өлшеміне дейін кесіңіз. Картриджді дозалағыш пистолетіне салыңыз және жікті қымтақпен біркелкі толтырыңыз.

Артық заттарды арнайы шпатель көмегімен алып тастаңыз. Жағудан кейін 25 минуттан кешіктірмей жікті жұмсақ сабын ерітіндісімен ылғалдандырып тегістеңіз. Полимерлеу атмосфералық ылғалдылықтың әсерінен жүреді, оның деңгейі кемінде 50% болуы керек. Полимерленген артық қымтақ бөліктері беттен механикалық тәсілмен алынады.

Назар аударыңыз

Орнатылған икемді қосылыстың ұзаққа жарамдылығы жұмыстың дұрыс орындалуына байланысты. Полимерленген қымтақ негізге тимесе, жіктің шетжақтарымен жанасқанда икемділігін сақтайды! Қолданылатын қымтақтың негізге тиіп кетпеуі үшін алдымен жікке көбіктелген полиэтиленнен жасалған стандартты сымды салып, сол арқылы негізді қымтақ қабатынан бөліп алу керек. Силиконды қымтақтың бау материалына адгезиясы жоқ, бұл адгезиялық байланыстың қажетті 2 жағының болуын қамтамасыз етеді.

Жіктің ені 10 мм-ге дейін болса, оның тереңдігі бірдей болуы керек. Егер жіктің ені 20 мм-ге дейін болса, оның тереңдігі кемінде 10 мм болуы керек. Егер жіктің ені 20 мм-ден асса, оның тереңдігі енінің ½ болуы керек.

Табиғи тасты қолданар алдында материалдардың үйлесімділігін сынақ алаңында тексеру керек. Қымтақтың бетонның барлық түрлерімен, цемент ерітінділерімен, жезбен, мыспен, мырышпен, қорғасынмен және құрамында битум бар материалдармен жанасуына жол бермеңіз.

Сақтық шаралары

АБАЙЛАҢЫЗ

- Жұтылған жағдайда зиянды
- Жұмыс кезінде қолғапты, арнайы киімді және көзді қорғау құралдарын пайдаланыңыз.
- Жұмыстан кейін қолдарыңызды және бетіңізді жақсылап жуыңыз.
- Өнімді қолданғанда шылым шегуге, ішуге, тамақты қабылдауға болмайды.
- Тек сыртта немесе жақсы желдетілетін жерде пайдаланыңыз.
- **ТЕРІГЕ ТИГЕН ЖАҒДАЙДА** көп мөлшерде сумен шайыңыз; тітіркену сақталса, медициналық көмекке жүгінңіз.
- **КӨЗГЕ ТИГЕНДЕ:** Бірнеше минут бойы сумен мұқият шайыңыз. Контактілі линзаларды қолдансаңыз және оны шешу оңай болса, шешіңіз және көзіңізді шаюды жалғастырыңыз. Көздің тітіркенуі сақталса, медициналық көмекке жүгінңіз.
- **БАЛАЛАРДЫҢ** қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Құрамы

Сұйық силиконды каучук, вулкандалатын агент

Тасымалдау және сақтау шарттары

Механикалық зақымданудан қорғайтын жабық көліктерде тасымалдау. Өндірушінің жабық қаптамасында, қымтаққа бөгде заттар мен атмосфералық жауын-шашынның түсуіне жол бермейтін жағдайларда қоймаларда сақтаңыз. +5°C-тан +25°C-қа дейінгі температурада тасымалдау және сақтау. Өнімді ауаның теріс температурасында тасымалдауға болады. Мұздату -35 ° C температурада 5 циклден аспайтын уақытқа рұқсат етіледі. Өндірушінің ыдысында сақтау мерзімі – шығарылған күннен бастап 15 ай.

Өндірушінің кепілдігі

Өндіруші тұтынушы тасымалдау, сақтау шарттарын және осы нұсқаулықтың нұсқауларын орындаған жағдайда қоспаның ГОСТ Р 59523-2021 талаптарына сәйкестігіне кепілдік береді. Өндіруші материалмен жұмыс технологиясын сақтамағаны үшін жауапты емес, сондай-ақ оны осы нұсқаулықта көзделмеген мақсаттар мен шарттарда пайдалану үшін жауапты емес.

ГОСТ Р 8.579-2002 сәйкес нетто массасынан ауытқу. Өнімді азаматтық құрылыстың барлық түрлерінде қолдануға рұқсат етіледі (Aeff<370 Бк/кг, NRB-99/2009 SanPiN 2.6.1.2523–09 сәйкес).

Техникалық сипаттамалар

Қолдану аясы	Ішкі және сыртқы жұмыстарға арналған
Жіктің ұсынылатын ені	5-30 мм
Қолдану температурасы	+5°С-тан +40°С-қа дейін
Пайдалану температурасы	-45°С-тан +150°С-қа дейін
Икемділігі	230%
Сумен жанасу	Жағудан 24 сағат өткеннен кейін

Логистикалық ақпарат

Жеке штрих-кодтар:

ақ	4607013047549
мөлдір	4607013047556
қара	4607013047655
піл сүйегі	4607013047662
сүтті-ақ	4607013047679
кремді	4607013047686
карамель	4607013047693
сұр	4607013047709
титан	4607013047716
ақшыл-сұр	4607013047723
шоколад	4607013047730
антрацит	4607013048287
беж	4607013048294
какао	4607013048300
зығыр	4607013048317

Топтық штрих-кодтар:

ақ	24607013047543
мөлдір	24607013047550
қара	24607013047659
піл сүйегі	24607013047666
сүтті-ақ	24607013047673
кремді	24607013047680
карамель	24607013047697
сұр	24607013047703
титан	24607013047710
ақшыл-сұр	24607013047727
шоколад	24607013047734
антрацит	24607013048281
беж	24607013048298
какао	24607013048304
зығыр	24607013048311

Қораптағы картридж саны – 12 д.

Паллеттегі картридж саны – 1776 д.